

**Мақтаарал ауданының Жамбыл ауылдық округі, Жалын елді мекені,
Д.Шыныбеков көшесіндегі № 7 үйдің ауласына шектеу іс-шараларын белгілеу
туралы**

Күшін жойған

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 23 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 наурызда № 5508 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Мақтаарал ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 34 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Мақтаарал ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 20.05.2020 № 34 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7 тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мақтаарал аудандық аумақтық инспекция басшысының 2020 жылғы 12 наурыздағы № 02-03/92 санды ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Мақтаарал ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мақтаарал ауданының Жамбыл ауылдық округі, Жалын елді мекені Д.Шыныбеков көшесі № 7 үй тұрғыны С.Турмановтың 7 айлық мысықтың ми сынамасынан вирусологиялық зерттеу нәтижесінде "кұтырық" ауруына оң нәтиже көрсетуіне байланысты Мақтаарал ауданының Жамбыл ауылдық округі, Жалын елді мекені Д.Шыныбеков көшесі № 7 үйдің ауласына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Мақтаарал ауданының "Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Мақтаарал ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауылдық округі әкімі

Б. Маханбетов